

## **Байзақ ауданы Темірбек ауылдық округінің Тегістік ауылындағы тұйық көшесін қайта атау туралы**

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Темірбек ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 2 қарашадағы № 20 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қарашадағы № 30462 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Байзақ ауданы Темірбек ауылдық округінің Тегістік ауылындағы Бошай би тұйық көшесі Алаш көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темірбек ауылдық  
округі әкімінің әкімі*

*А. Утебаев*